

Ерейментау аудандық мәслихатының 2012 жылғы 24 сәуірдегі № 5С-5/6-12 " Ерейментау ауданы бойынша тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 2013 жылғы 27 наурыздағы № 5С-13/6-13 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 15 сәуірде № 3704 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 2015 жылғы 3 наурыздағы № 5С-35/2-15 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 03.03.2015 № 5С-35/2-15 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6 бабына, "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 97 бабына, "Тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 Қаулысына сәйкес, Ерейментау аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. "Ерейментау ауданы бойынша тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" 2012 жылғы 24 сәуірдегі № 5С-5/6-12 Ерейментау аудандық мәслихатының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-9-196 болып тіркелген, 2012 жылдың 26 мамырда "Ереймен" аудандық газетінде, 2012 жылдың 26 мамырда "Ерейментау" аудандық газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда баяндалсын:

"Ерейментау ауданында аз қамтылған отбасыларына (азаматтарына) тұрғын үй көмегін көрсету қағидасын бекіту туралы";

шешімнің 1 тармағы жаңа редакцияда баяндалсын:

"1. Ерейментау ауданында аз қамтылған отбасыларына (азаматтарына) тұрғын үй көмегін көрсету қағидасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес б е к і т і л с і н . " ;

көрсетілген шешіммен бекітілген Ерейментау ауданы бойынша тұрғын үй

көмегін көрсету Ережесінің:
ережесінің тақырыбы жаңа редакцияда баяндалсын:
"Ерейментау ауданында аз қамтылған отбасыларына (азаматтарына) тұрғын үй көмегін көрсету қағидасы";
мемлекеттік тілдегі ережесінің кіріспесі жаңа редакцияда баяндалсын:
"Осы Ерейментау ауданында аз қамтылған отбасыларына (азаматтарына) тұрғын үй көмегін көрсету қағидасы (бұдан әрі – Қағида) "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңына, "Әлеуметтік қорғалатын азаматтарға абоненттік төлем тарифінің ұлғаюы өтеміне қатысты телекоммуникация қызметін көрсетудегі кейбір мәселелер туралы" Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512 Қаулысына, "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 Қаулысына сәйкес құрастырылған.";
барлық мәтін бойынша "отбасыларына (азаматтарына)" сөздерінің алдында "аз қамтылған" сөздерімен толықтырылсын;
2 тармақтың 2 азат жолы жаңа редакцияда баяндалсын:
"Телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде, тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға отбасының бір тоқсанда тұтыну төлемінің шекті шығын үлесі, алдыңғы тоқсанда тұрғын үй көмегіне өтініш беріліп, жалпы табысының 15 % пайызы шамасында белгіленеді.";
мемлекеттік тілдегі 6 тармақтың 11) тармақшасының 2 азат жолы жаңа редакцияда баяндалсын:
"Кондоминиум ортақ мүлкінің күрделі жөндеуіне шығынды өтемеге құқылы отбасылар (азаматтар) осы Қағиданың 6 тармағында қарастырылған құжаттардан басқа, ұсынады";
8 тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:
"8. Тұрғын үй көмегі меншігінде бір бірліктен көп тұрғын үйі (пәтер, үй) немесе тұрғын үйін жалға беретін, сондай-ақ еңбекке жарамды, бірақ жұмыс істемейтін, күндізгі бөлімде оқымайтын, әскер қатарында емес және "Ерейментау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінде жұмыссыз ретінде тіркелмеген мүшелері бар отбасылардан (күтім көрсетуге мұқтаж адамдардың күтімін жүзеге асыратын азаматтардан басқалары) басқа аз қамтылған отбасыларына (азаматтарына) әр тоқсан сайын тағайындалады.";
9 тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"9. Уәкілетті орган телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға арналған шығыстары, шекті жол берілген шығыстар үлесінен аспаған жағдайда тұрғын үй көмегін көрсетуден бас тартады.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

	<i>Е р е й м е н т а у</i>	<i>а у д а н д ы қ</i>
	<i>м ә с л и х а т</i>	<i>с е с с и я с ы н ы ң</i>
<i>төрайымы</i>	<i>Н.Парфенова</i>	
	<i>Е р е й м е н т а у</i>	<i>а у д а н д ы қ</i>
<i>мәслихатының хатшысы</i>	<i>Қ.Махметов</i>	
<i>"КЕЛІСІЛДІ"</i>		
<i>Ерейментау ауданының әкімі</i>	<i>А.Қалжанов</i>	